**Бекітемін**
**«Шапағат» бөбекжай- балабақша»**
**меңгерушісі _________ М.Есимова**

# «Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылының жоспары

| № | Өткізілетін іс-шара | Өткізілу түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну. | Қамқоршылық кеңесінің отырысы | қаңтар | Ахметова Ғ қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 2 | Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру | Ашық есік күні | наурыз | Ахметова Ғ қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 3 | «1-маусым Балаларды қорғау күніне» орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өткізу. | Қамқорлық акциясы | мамыр | Ахметова Ғ қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 4 | «Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК балалардың төлемақы жарнасының 2022 жылдан бастап өсуі туралы | Қамқоршылық кеңесінің отырысы | желтоқсан | Ахметова Ғ қамқоршылық кеңес мүшелері |

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының**
**№1 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 08.01.2021 жыл

**Қатысқандар:** балабақша меңгерушісі,балабақша әдіскері,қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібі:**

1.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру,бекітуге ұсыну

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі М.Есимова сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын танытырды.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші М.Есимова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру,балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы, ашық есік күнін ұйымдастыру сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап,өз ойларын ортаға салды.2021 жылдың қаңтар айынан 2022 жылдың желтоқсан айына дейін төрт отырыс өткізіледі деп шешті.
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:** Сатаева Ү
**Хатшы:** Ахметова Ғ

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 15.03.2021 жыл

**Қатысқандар:** балабақша меңгерушісі,балабақша әдіскері,қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібі:**

2. Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2021 жылдың 15 наурыз күнібалабақшамызда қамқоршылар шақырылып, оларға арналып, мерекелік шағын концерт өткізілді.Балабақша бүлдіршіндері қамқоршыларға өз өнерлерін,әндерін айтып,билерін билеп ,жаттап келген тақпақтарын айтып берді. Концерттік бағдарлама аяғында Қамқоршылық кеңес төрайымы Сатаева Ұлтусын ұйымдастырылған концерттік бағдарлма жақсы өткендігін айтып, қамқоршыларды мерекелерімен құттықтап, алғыс хатпен марапаттап сөз сөйлеп алғысын білдірді.

Қамқоршылар балабақша әкімшілігіне өз алғыстарын білдірді.

**Сөйледі:** сөз алған қамқоршылық кеңес мүшесі Каргашева Маржан балабақша ұжымына, бүлдіршіндерге алғыс білдіріп, осындай іс-шаралар келекшекте өз жалғасын таба берсін деп өз тілегін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. Қамқоршылар үшін ұйымдастырылған ашық есік күні қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:** Сатаева Ү
**Хатшы:** Ахметова Ғ

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 12.05.2021 жыл

**Қатысқандар:** балабақша меңгерушісі,балабақша әдіскері,қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібі:**

2. «1-маусым балаларды қорғау күніне» орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өкізу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Мырзамұратова Айсұлу жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен,ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтырв4уға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, сумен шынығу жұмыстары жүргізелетінін , таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықытыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Балабақша әдіскері Г.Аманова жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс - шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея,ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып,шешімдер қабылданды:**

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру іс- шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:** Сатаева Ұ
**Хатшы:** Ахметова Ғ

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 20.12.2021 жыл

**Қатысқандар:** балабақша меңгерушісі,балабақша әдіскері,қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібі:**

1. «Шапағат» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК балалардың төлемақы жарнасының 2022 жылдан бастап өсуі туралы.

***Соз алған:*** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 13.12.2021 жылғы №01-6863 хатына сәйкес, «Шапағат» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісінің м.у.а Р.Кишкенебаева, қамқоршылық кеңес төрайымы Ұ. Сатаева, балалабақшаның ата- аналар комитетінің төрайымы, сіздерге жиналыс жасауымыздың себебі: нарықтағы азық- түлік тауарларының қымбаттауына байланысты ата- аналардың бір күндік төлем жарнасын анықтау мәселесі болып отыр. Азық- түліктің бағасы былтырғыға қарағанда едәуір көтерілді. Осыған орай аталған мәселе төңірегінде балабақшамыздың тоқсан екі ата- анасынан сауалнама алынды, оның қырық тоғызы қарсы еместігін білдірсе, қырық үші сол бағада қалдыруларын білдірді, яғни ата- аналардың пікірлері тыңдалды.

**Жарыссөз**

Төленова Гулмира- «Күншуақ» ересек тобының ата- анасы, Раушан апке сөзіңізді тыңдай келе көтеріп отырған мәселелеріңіз өте орынды. Нарықта баға тұрақсыз, сондықтан мен ата- ана ретінде төлем жарнасының 100 (жүз) теңгеге көтерілуіне келісімімді беремін.

Абдуалиева Мадина да қасымдағы әріптестерімнің пікірлеріне толықтай қосыламын. Ата- аналардың басым көпшілігі де көтерілген мәселеге келісетін шығар деп ойлаймын. Нарықтағы бағаның тұрақсыз, азық- түліктің қымбаттап кеткенін өздері де көріп отыр.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып,шешімдер қабылданды:**

1. Барлық топтың ата- аналар комитеттері төрайымдарының қолдауымен және сауалнама қорытындысы арқылы балалардың бір күндік төлемақы жарнасы 300 (үш жүз) теңгеден, 400 (төрт жүз) теңгеге өзгертілуіне қарсы еместіктерін білдірді.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:** Сатаева Ұ
**Хатшы:** Ахметова Ғ

Бекітемін
«Шапағат» бөбекжай- бақшасының»
меңгерушісінің у.м.а: .Кишкенебаева

Бір күндік ас мәзірі

**Таңғы ас:**
1.Қаракұмық сүт көжесі
2.Нан
3.Печенье
4.Тәтті шәй
**Түскі ас:**
1.Макарон сорпасы етпен
2.Палау етпен
3.Нан
4.Салат5.Компот
**Бесін ас:** 1.Ұнтақ ботқасы
2.Нан
3.Кәмпит
4.Тәтті шәй

| № | Атауы | Мөлшері бойынша (гр) | Бір баланың бір күндік мөлшері | Бағасы (теңге) | Сомасы (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нан (бидай ) | 120 | 120 | 90 | 13,05 |
| 2 | Сүт өнімдері | 500 | 350 | 300 | 105 |
| 3 | Сиыр еті | 100 | 90 | 2000 | 200,0 |
| 4 | Сары май | 20 | 15 | 900 | 4,2 |
| 5 | Өсімдік майы | 7 | 5 | 650 | 5,2 |
| 6 | Қант | 45 | 35 | 300 | 17,5 |
| 7 | Жарма өнімдері | 30 | 20 | 250 | 6,1 |
| 8 | Шәй | 0,2 | 0,2 | 2000 | 0,4 |
| 9 | Картоп | 120 | 100 | 150 | 13,0 |
| 10 | Көкөністер | 180 | 150 | 250 | 12,0 |
| 11 | Макарон өнімдері | 30 | 20 | 250 | 7,3 |
| 12 | Кепкен жемістер | 10 | 10 | 700 | 6,0 |
| 13 | Томат | 5 | 5 | 700 | 3,5 |
| 14 | Тұз | 5 | 5 | 60 | 0,3 |
| 15 | Кондитер өнімдері | 10 | 10 | 600 | 6 |
|  | Жиыны: |  |  |  | 400,00 |